

"Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 3 наурыздағы N 42-ө өкімі

"Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы 2007 жылғы 30 наурызға дейін:

1) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін;

2) "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу ережесін бекіту туралы" ведомстволық нормативтік құқықтық акт әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат берсін.

Премьер-Министр